

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ
С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ



МИНИСТЕРСТВО
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РК
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

Денсаулықты сақтау саясаты және басқару кафедрасы

**Клиникалық эпидемиологияда қолданылатын
биологиялық статистиканың негізгі
көрсеткіштері.**

**Орындаған: Тұрағалды м
Тобы: 28-02
Тексерген:**

Жоспар:

- Клиникалық эпидемиология туралы түсінік
- Медицинадағы статистиканың ролі
- Мәліметтерді статистикалық өңдеудің әдістері

Клиникалық эпидемиология-негізінен белгілі бір ауруы бар топтағы науқастарды ауруының ағымына қарау, қатаң ғылыми зерттеулер жүргізу арқылы-нақты , әрбір пациенттердің болашағын анықтауға мүмкіндік беретін ғылым.

Өзінің атына сай бұл ғылым негізінен «клиникалық» себебі негізінен клиникалық сұрақтармен клиникалық шешімдерге жауап береді және өте сенімді фактыларға сүйенеді. Оған қоса ол «эпидемиология» деп аталады. Себебі нақты науқастарға көмек, осындай көптеген адамдардың ауруының ағымына талдау жасау арқылы негізделеді.

Медицинада және денсаулық сақтауда жиі, біліп немесе білместіктен денсаулық жағдайын бағалау, оның болжамы, стратегияны таңдау және емдеу мен алдын алу тактикасы сұрақтарына байланысты шешім қабылдауда әртүрлі статистикалық концепциялар қолданылады.

Статистиканы білу маңызды түсіну үшін және баяндамаларда, монографияларда, медициналық журналдарда т.б хабарламаларды сынмен бағалау үшін қажет. Статистикалық анализ дәлелді медицинаның элементтерінің бірі.

Статистика- материалды құбылыстың сандық заңдылықтарының сапалық жағымен үзіліссіз байланысын зерттейтін ғылым.

Статистика:

- Бұл популяциялық зерттеудегі экспериментальды мәліметтер мен нәтижелердің анализіне арналған құрал;
- Бұл тіл, ол арқылы зерттеушілер алынған нәтижелерді хабарлайды және ол арқылы медико –статистикалық ақпаратты түсінеді;
- Бұл дәлелді медицина элементі;
- Бұл басқарушылық шешімді қабылдауға негізделген база;

Биостатистика-статистикалық шаралардың биология мен медицинада қолданылуы. Бұл эпидемиологиялық зерттеудің маңызды құралы болады. Биостатистика негізін білу ДМ практикасында өте қажет, себебі ол сандық деректерді меңгереді.

Статистика медицина мен денсаулық сақтаумен байланысты сұрақтарды зерттесе ол **медициналық** деп аталады.

Медициналық статистика бірнеше бөлімдерді ажыратады:

- Халық денсаулығы статистикасы
- Денсаулық сақтау жүйесінің статистикасы
- Медико-биологиялық зерттеу статистикасы

Математика-статистикалық әдістерді медицина мен денсаулық сақтау саласында қолданудың негізгі бағыттары:

- 1) Алынған нәтижелерді біріктіру және мәліметтерді тиімді жинау;
- 2) Екі және одан да көп топтардың нәтижелері арасындағы дәлелділікті анықтау және салыстыру;
- 3) Факторлар мен құбылыстар арасындағы өзара байланысты зерттеу;
- 4) Құбылыстар динамикасының анализі;
- 5) Болжамдық факторлардың анализі

Жүйелі анализ жүйелі тәсілдеменің негізгі түсінігі мен қалпын ғылыми тәжірибелік зерттеулерді жүргізуге және оларды ұйымдарда қолдану үшін білу қажет.

Ғылыми зерттеулер келесі кезеңдер бойынша жүргізіледі:

- I. Зерттеулердің мақсаты мен мәселесін түзу
- II. Зерттеуді ұйымдастыру
- III. Ақпараттар жинау
- IV. Ақпараттарды өңдеу
- V. Зерттеу қорытындыларының анализі
- VI. Зерттеу қорытындысының нәтижесін тәжірибеге енгізу және енгізудің эффективтілігін бағалау.

<p>Популяционды деңгей деңгей</p>	<p>Индивидуальды</p>
<p>Популяцияның денсаулық жағдайын бағалау (аурушандық, демографиялық процесстер, физикалық даму мүгедектік) Халық тобына байланысты денсаулық жағдайын бағалау (балалар, әйелдер, және т.б)</p>	<p>1. Норма және патология түсінігі Науқас денсаулығын жағдайын бағалау (клинико-диагностикалық зерттеулер)</p>
<p>Халықтың денсаулық тобына байланысты бөлінуі, скрининг</p>	<p>2. Аурулар диагностикасы Дифференциалды диагностика жүргізу</p>
<p>Жеке аурумен күрес бағдарламасының мүмкін болатын нәтижесі</p>	<p>3. Құбылыстарды болжау Жеке науқас ауруына байланысты соңы</p>
<p>Белгілі бір халық тобына арналған емдік профилактикалық байланысты Бағдарламаны құрастыру</p>	<p>4. Сәйкес әсерді таңдау Науқасты жүргізу және емдеуге жекешелік тәсілін қолдану</p>

5. Медициналық көмекті ұйымдастыру

Денсаулық сақтауды басқару (денсаулық сақтау жүйесінің қызметі мен желісі: жоспарлау, қаражаттандыру, қызметтер анализі)

Дәрігер қызметінің анализі

6. Медициналық зерттеулерді жүргізу мен жоспарлау

Жарияланымды дайындау және анализі

Медициналық хабарламаларды түсіну және оқу

17-кесте. Шешуші мәселенің деңгейіне байланысты медицинада статистикалық әдістерді қолдану

Қорытынды:

Статистиканың принциптерін білу медицинада ғылыми зерттеулердің анализін жасауға және жоспарлауға қажет. Әсіресе бұл қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтауда, популяцинды зерттеулердің мәліметтерінде өзекті болады.

Мұндай зерттеулер және олардың нәтижелерінің тұрақтылығы барлық кезеңдерде статистикалық принциптердің қолданылуына байланысты.

Статистикалық әдістерді қолдану ресми емес қызмет, ал шығармашылық жұмыс тек математикалық білімді ғана қажет етпей, сонымен бірге биологиялық және медицина аймағындағы білімдерді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- ✓ Калиева Ш.С., Сагадатов Т.К. «Дәлелді медицина негіздері бойынша ақпаратты-дидактикалық блок», 2013.
- ✓ Т.Гринхальх «Дәлелді медицина негіздері» пер. с англ. / Т. Гринхальх. -- М.: ГЭОТАР-Медиа, 2014
- ✓ М.Қ. Кульжанов, Р.Қ. Назарбаева «Дәлелді медицина негіздері» Астана 2012